

Микрокредит беру туралы шарттың үлгі талаптары

2018.12.27 Басқарма хаттамасымен бекітілген

28.12.2018 ж. №242/1 (574) «Халық Ақпарат» газетінде қазақ және орыс тілдерінде,
сондай-ақ www.kmf.kz сайтында жарияланған

«КМФ (КМФ)» МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) микрокредит беру туралы шарттың осы үлгі талаптары (бұдан әрі – үлгі талаптар) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 388 – бабында көзделген тәртіпте микрокредит беру туралы шарттарды (бұдан әрі - Шарт) жасасу мақсатында әзірленді.

Үлгі талаптарды қолданумен Шарт МҚҰ мен Қарыз алушы (бұдан әрі – Қарыз алушы) арасында осы Үлгі талаптарға сілтеме жасалған Шартқа қол қою арқылы жасалады. Үлгі талаптар мен Шарт бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады.

1-бап. Шарттың жалпы талаптары

1.1. МҚҰ Қарыз алушыға Үлгі талаптар мен Шартта белгіленген тәртіппен микрокредит береді. Үлгі талаптар мен Шарт бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады.

1.2. Микрокредитті өтеу тәсілі - қолма-қол және (немесе) қолма-қол ақшасыз тәртіппен, бір мезгілде не бөліктермен.

Микрокредитті өтеу есебіне кезекті төлемдерді Қарыз алушы МҚҰ қассасына қолма-қол ақшамен, кіріс-кассалық ордерге түбіртеккі және төлемді растайтын фискалдық чекті ресімдей отырып, МҚҰ төлем терминалдарына немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері немесе Шарттың 7-тармағында көрсетілген делдалдар арқылы МҚҰ шотына ақша қаражатын енгізу жолымен енгізетін болады.

Қарыз алушы артық төлеген сома кредит бойынша кезекті төлемді өтеуге жіберіледі, ал Шарт бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда, Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша оған ол жүгінген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарылады.

Топтың үйлестірушісі барлық кепілгерлер (топ мүшелері) үшін кезекті төлем енгізген кезде топтың барлық мүшелері микрокредиттерді төлегенін растайтын құжат бір данада ұсынылады және топ үйлестірушісінде сақталуы тиіс (осы тармақтың төртінші бөлігі «Достар» микрокредиттік өнімі шеңберінде қолданылады).

1.3. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) Шартта айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы);
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 5-1) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өндіріп алуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдер;
- 6) микроқаржы ұйымының орындауды алу жөніндегі шығасылары.

Мерзімі өткен күнтізбелік бір жүз сексен күн өткеннен кейін Қарыз алушының Шарт бойынша жүргізген төлем сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

- 5) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) Шартта белгіленген мөлшерде;
5-1) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өндіріп алуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдер;
б) микроқаржы ұйымының орындауды алу жөніндегі шығасылары.

1.4. МҚҰ пошталық мекенжайы: 050004, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50, электронды пошта: МФО info@kmf.kz, Интернеттегі сайт: www.kmf.kz. Әлеуметтік желілердегі ресми парақтар: <https://www.facebook.com/kmf.official/> және https://www.instagram.com/kmf_kz/.

1.5. МҚҰ Шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитордың Шарт аясында Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынасына қолданылады.

1.6. Егер кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес Шарт жасалғанға дейін Қарыз алушы микрокредит беру шарттарын және микрокредит беру мен қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді комиссиясыз таңдаған болса, онда МҚҰ Шарттың 7-тармағында белгіленген комиссияларды алмайды. Бұл жағдайда микрокредитті өтеуді Қарыз алушы тек МҚҰ қассасына немесе оның төлем терминалдарына комиссия мен өзге де төлемдерді төлемей жүзеге асыруы тиіс.

1.7. Егер кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес Шарт жасалғанға дейін Қарыз алушы микрокредит беру шарттарын комиссиясыз және өзге де төлемсіз таңдаса, бірақ кейіннен өз еркімен МҚҰ қассасына емес немесе Үлгі талаптары, 1.6-тармақта көрсетілгендей оның төлем терминалдарына емес, Шарттың 7-тармағында көрсетілген делдалдар арқылы микрокредит бойынша төлемді жасаса, онда микрокредитті өтеу үшін төлем алуды делдалдар Шарттың 7-тармағында белгіленген тарифтерге сәйкес жүргізеді, бұл ретте МҚҰ комиссияларды және өзге де төлемдерді алмай микрокредит беру шарттарын бұзғаны үшін жауапты болмайды.

1.8. Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы кепілдік шарты бойынша кепілгер болып табылатын тұлғалардың кепілдігімен қамтамасыз етіледі *(осы тармақ «Достар» микрокредиттік өнімі үшін қолданылады)*.

1.9. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген кез келген негіздер бойынша Қарыз алушы мен МҚҰ арасындағы еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, осы Шарт Қарыз алушының МҚҰ-дағы соңғы жұмыс күні күнінен бастап бұзылуға жатады. Осы Шарт бұзылған жағдайда Қарыз алушы МҚҰ-ның бірінші талабы бойынша МҚҰ-ны мерзімінен бұрын қайтаруға және пайдаланылған микрокредит бөлігінде сыйақы, сондай-ақ микрокредитті қайтару күніне осы Шарт бойынша есептелген өзге де төлемдерді төлеуге міндетті *(осы тармақ МҚҰ-мен еңбек қатынастарында тұрған Қарыз алушыға микрокредит берілген жағдайда, «Қызметкерлерге тұтынушылық микрокредит беру» микрокредиттік өнімі үшін қолданылады)*.

1.10. Қарыз алушы қызметкерлерінің іс-әрекеті Қарыз алушының іс-әрекеттері болып саналады. Қарыз алушы осы әрекеттер үшін, егер олар міндеттемелерді орындамауға және/немесе тиісінше орындамауға әкеп соқса, жауап береді *(осы тармақ заңды тұлғаларға берілетін микрокредиттік өнімдер үшін қолданылады)*.

2-бап. Микрокредит беру және өтеу тәртібі

2.1. МҚҰ Қарыз алушыға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен микрокредит береді.

2.2. Микрокредит беру кезінде Қарыз алушыдан МҚҰ пайдасына микрокредит беру үшін Шартта көрсетілген мөлшерде біржолғы комиссия алынады. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы көрсетілген комиссияны микрокредиттің жалпы сомасынан ұстап қалуға өз келісімін береді.

2.3. Микрокредит Қарыз алушыға Тараптар Шартқа қол қойғаннан кейін, қолма-қол

ақшамен не Қарыз алушының шотына ақша қаражатын аудару арқылы қолма-қол ақшасыз ұсынылады. Шартқа қоса берілетін өтеу кестесінде көрсетілген микрокредитті беру күні микрокредит беру күні болып табылады.

2.4. Микрокредитті қайтаруды және микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы Шартқа қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүргізеді. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит шарттары өзгерген кезде МҚҰ жаңа шарттарды ескере отырып, микрокредит өтеудің жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.

2.5. Микрокредитті пайдаланғаны үшін жылдық сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті нақты пайдалану мерзімі ішінде микрокредит бойынша негізгі борышқа есептеледі.

2.6. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі 360 күнге тең, ал ай - 30 күнге тең күнтізбелік жыл базасында есептеледі. Сыйақы есептеу мерзімін есептеу Қарыз алушыға микрокредит берілген күннен кейінгі күннен басталады.

2.7. Егер кезекті төлем күні жұмыс істемейтін күнге түссе, бұл төлемді Қарыз алушы одан кейінгі жұмыс күні айыппұл санкцияларын төлемей жасауы тиіс.

2.8. Қарыз алушы микрокредит бойынша кезекті төлемді кешіктірген жағдайда МҚҰ-ға хабарлауға міндетті.

2.9. Қарыз алушы Шартқа қоса берілетін өтеу кестесінде көрсетілген күннен бұрын ақша сомасын не кесте бойынша кезекті төлем сомасынан асатын соманы енгізген кезде және өтеу кестесін қайта қарау туралы жазбаша өтініш болмаған кезде, Қарыз алушы осы арқылы МҚҰ жоғарыда көрсетілген сомаларды қолданыстағы кестеге сәйкес сыйақыны есептей отырып, өтеу кестесін қайта қарастырмай, өтеу кестесі бойынша келесі кезекті төлемдер кезінде микрокредит өтеу есебіне есептеуге келіседі.

2.10. Шартқа қоса беріліп отырған микрокредитті өтеу кестесі Қарыз алушының төлем қабілеттілігін қаржылық талдау негізінде жасалады. Қарыз алушының бизнес ерекшелігінде маусымдық болған жағдайда Қарыз алушы ай сайын микрокредит бойынша сыйақыны ғана өтейтін жеңілдікті кезеңді белгілеу мүмкіндігі қаралуы мүмкін.

2.11. Қарыз алушы Қарыз алушының өзі де, оның аффилиирленген тұлғалары да, Қарыз алушының атынан әрекет ететін қандай да бір басқа тұлға есірткі саудасымен, сыбайлас жемқорлықпен, ұйымдасқан қылмыстық қызметпен, заңсыз шыққан ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, заңсыз қызметпен айналыспайтынын және келешекте айналыспайтынын Шартқа қол қойылған күні растайды, сондай-ақ оның қолданылуының барлық мерзіміне кепілдік береді.

2.12. Микрокредитті өтеу Қарыз алушының таңдауы үшін мынадай әдістердің бірімен жүргізіледі:

- микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомасын және негізгі борыш қалдығына кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісі;

- микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайып келе жатқан төлемдерді және негізгі борыш қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын микрокредит мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын аннуитеттік төлемдер әдісі. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін;

- микрокредитті қайта құрылымдау кезінде жеңілдікті кезеңмен микрокредит беру кезінде, микрокредитті өтеу кестесінде төлемді түзету кезінде қолданылатын өзге әдіс, яғни микрокредит бойынша ай сайынғы төлемнің мөлшері Қарыз алушының қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып айқындалатын әдіс.

2.13. Қарыз алушыға МҚҰ қызметкерлеріне микрокредит немесе оның бір бөлігін беруге, сондай-ақ микрокредитті Шартта көзделмеген басқа мақсаттарға пайдалануға **қатаң тыйым салынады**.

2.14. Микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру Қарыз алушыны

тексеру, тұрғылықты жеріне бару және/немесе кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ Қарыз алушының микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланғанын растайтын кез келген құжаттық мәліметтерді тексеру арқылы жүзеге асырылады.

3-бап. Қарыз алушының құқықтары

3.1. Қарыз алушы құқылы:

- 3.1.1. Микрокредиттер беру ережелерімен, микрокредиттер беру бойынша МҚҰ тарифтерімен танысуға;
- 3.1.2. Үлгі талаптарда және Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда алынған микрокредитке өкімдік етуге;
- 3.1.3. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей төлеуге;
- 3.1.4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;
- 3.1.5. Тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей, Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын МҚҰ мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 3.1.6. Алынатын қызметтер бойынша шағымдар, ұсыныстар немесе даулы жағдайлар туындаған кезде, кері байланыстың қолжетімді арналары бойынша, оның ішінде МҚҰ әрбір құрылымдық бөлімшесінде орналастырылған сенім жәшігі арқылы жазбаша және/немесе құрылымдық бөлімшенің басшылығына және/немесе сенім телефоны, сондай-ақ басқа да байланыс арналары арқылы ауызша хабарласуға. Кері байланыс арналары туралы ақпарат әр кеңседе және МҚҰ сайтында орналастырылған;
- 3.1.7. Қарыз алушы белсенді микрокредитті қайта құрылымдауға, яғни микрокредитті өтеу мерзімдері мен шарттарын қайта қарауға өтініш беруге құқылы;
- 3.1.8. МҚҰ-дан Үлгі шартта мен Шартта белгіленген міндеттерді орындауды талап етуге;
- 3.1.9. «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 4 және 5 тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін, Қарыз алушымен жасалған Шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда банк омбудсманьына жүгінуге;
- 3.1.10. Қарыз алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында, Үлгі шартта және Шартта белгіленген өзге де құқықтары бар.

4-бап. Қарыз алушының міндеттері

4.1. Қарыз алушы міндетті:

- 4.1.1. Алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны Шартта және оның Үлгі талаптарында белгіленген мерзімде және тәртіппен төлеуге;
- 4.1.2. «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес МҚҰ сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 4.1.3. Ол алған микрокредитті мақсаты бойынша пайдалануға. Микрокредитті мақсатсыз пайдаланған кезде Қарыз алушы МҚҰ-ға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға және микрокредитті қайтару күніне Шарт бойынша есептелген пайдаланылған микрокредит бөлігінде сыйақы төлеуге міндетті;
- 4.1.4. МҚҰ-ның бірінші талабы бойынша берілген микрокредитті пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы, өзінің қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді ұсынуға және МҚҰ-ның Қарыз алушыны тексеру бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасамауға;
- 4.1.5. МҚҰ микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 4.1.6. МҚҰ жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тарапқа бермеуге;

- 4.1.7. Микрокредитті және сыйақыны қайтару мерзімі өткен жағдайда Шарт бойынша берешек сомасын толық өтеуге, Шартта көзделген өзге де төлемдерді төлеуге;
- 4.1.8. МҚҰ талап етуі бойынша пайда алушы ретінде МҚҰ көрсете отырып, кепілдік мүлікті сақтандыруды жүзеге асыруға;
- 4.1.9. Жоғалған немесе бүлінген кепіл затын жоғалтқан не бүлінген кезден бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде тең құнды мүлікке ауыстыруды жүргізуге және/немесе қажет болған жағдайда осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға;
- 4.1.10. Кепілгер қайтыс болған/таратылған жағдайда не оның қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда жаңа кепілгер беруге не өзге де қамтамасыз етуге;
- 4.1.11. 5 жұмыс күні ішінде МҚҰ-ға Шартқа қоса берілетін өтеу кестесін бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық жағдайлар туралы хабарлауға, соның ішінде: үшінші тұлғалардың Қарыз алушының, кепілгердің, кепіл берушінің мүлкіне және/немесе олардың банктік шоттарына тыйым салу; Қарыз алушыға үшінші тұлғалар жіберген наразылықтарды және талап-арыздарды алу кезінде;
- 4.1.12. МҚҰ-ға Қарыз алушының кепіл құжаттарына немесе жеке басын куәландыратын құжаттарға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгені туралы, сондай-ақ тұрғылықты жерінің, жұмыс орнының, банктік деректемелердің және МҚҰ-ға ұсынылған басқа да деректердің өзгергені туралы жазбаша түрде хабарлауға;
- 4.1.13. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесінде белгіленген мерзімдерге және сомаларға сәйкес Шарт бойынша берешекті өтеуге байланысты МҚҰ-ның барлық төлемдерін жүзеге асыруға;
- 4.1.14. Қызметті жүзеге асыру кезінде экологиялық талаптарды, денсаулық сақтау және қауіпсіздік нормаларын сақтауға, табиғат қорғау практикасын жақсартуға, экологиялық тәуекелдерді азайтуға;
- 4.1.15. Үшінші тұлғалардан ақша және/немесе мүлік түрінде кредит алу алдында бұл туралы МҚҰ-ға жазбаша хабарлауға;
- 4.1.16. МҚҰ қызметкерлерімен тауар-ақшалай қарым-қатынасқа түспеуге және олармен кез келген азаматтық-құқықтық мәміле жасамауға, соның ішінде ақшаны қарызға бермеуге және алмауға және оларға микрокредитті төлеу үшін ақша беріп жібермеуге;
- 4.1.17. Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

5-бап. МҚҰ құқықтары

5.1. МҚҰ құқылы:

- 5.1.1. Шартқа қол қойылған күні қолданыста болған микрокредиттерді беруге және оларға қызмет көрсетуге байланысты сыйақы мөлшерлемелерін, тарифтер мен комиссиялардың мөлшерін біржақты тәртіпте төмендетуге;
- 5.1.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам уақыт бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 5.1.3. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ете отырып не қамтамасыз етпей микрокредит беруге;
- 5.1.4. Қарыз алушының қаржылық жағдайын және микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын тексеруге;
- 5.1.5. Қарыз алушыдан Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты және Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;
- 5.1.6. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін күнтізбелік жүйелі тоқсан күннен аса кешіктірген жағдайда, Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша

«Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға құқықты (талап етуді) беруге;

5.1.7. Қарыз алушыдан Шартта және оның Үлгі талаптарында белгіленген міндеттерді орындауды талап ету;

5.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және оның Үлгі талаптарында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

6-бап. МҚҰ міндеттері

6.1. МҚҰ міндетті:

6.1.1. Шарт бойынша МҚҰ құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптарын қамтитын шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін;

микрокредитті өтеу бойынша әрі қарайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (Шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) тағайындалуын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сонымен қатар өтеу мерзімі өткен және ағымдағы негізгі борыш, сыйақылар, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) сомаларының қалдықтарын және төлеуге жататын басқа сомаларды көрсетумен талап ету құқығын беру шартын жасаған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) берілуі туралы;

6.1.2. Алынған қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушы МҚҰ-ға жазбаша өтініш білдірген жағдайда жазбаша түрде жауап беруге. МҚҰ 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

6.1.3. Шартқа Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қосып беріледі, онда:

- Шарттың нөмірі мен жасалған күні;
- микрокредит сомасы;
- микрокредитті және сыйақыны өтеу сомасын және олардың жиынтық мәнін көрсете отырып, өтеу күні мен кезекті төлемдердің мөлшері;
- келесі өтеу күніне микрокредит сомаларының қалдығы;
- микрокредиттің және төленуге жататын сыйақының жалпы жиынтық сомасы және олардың жиынтық мәні;
- микрокредитті өтеу кестесін жасау күні;
- таңдап алынған әдіс туралы Қарыз алушы - жеке тұлғаның белгісі бар МҚҰ ұсынған микрокредитті өтеу әдістерінің тізбесі.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит шарттары өзгерген кезде МҚҰ жаңа шарттарды ескере отырып, микрокредит өтеудің жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.

6.1.4. Орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органды, сондай - ақ Қарыз алушыларды (өтінім берушілерді) микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша, сондай - ақ Қарыз алушы (өтінім беруші) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және Қарыз алушы (өтінім беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы немесе әрбір қарыз алушыға (өтінім берушіге) осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға;

6.1.5. Микрокредит беру қағидаларының көшірмесін Қарыз алушының (өтінім берушінің) шолуы және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҚҰ-ның интернет-ресурсында орналастыруға;

6.1.6. Өтінім берушіге микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат беруге;

6.1.7. Микрокредит өтеу әдісін таңдау және танысу үшін әр түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын өтінім берушіге Шарт жасалғанға дейін ұсынуға. Қарыз алушыға міндетті түрде микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелеріне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары Шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылуы тиіс:

- сараланған төлемдер әдісімен;
- аннуитеттік төлемдер әдісімен;
- басқа әдіспен.

6.1.8. Жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушының берешегінің ұлғаюын болдырмау мақсатында МҚҰ негізгі қарыз және (немесе) сыйақы сомалары бойынша, тұрғын үй және (немесе) жер телімі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша, негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша кез келген төлемді өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған күнтізбелік бір жүз сексен күн өткен соң есептелген тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуді талап етуге құқығы жоқ;

6.1.9. Қарыз алушыны (өтінім берушіні) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;

6.1.10. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

6.1.11. Микрокредит беру құпиясын сақтау. Микрокредит беру құпиясы Қарыз алушылар, микрокредиттер мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы және микроқаржы ұйымының операциялары туралы мәліметтерді (микрокредиттер беру қағидаларын қоспағанда) қамтиды;

6.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында, сонымен қатар Шартта және оның Үлгі талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға.

7-бап. МҚҰ үшін шектеулер

7.1. МҚҰ құқығы жоқ:

7.1.1. Шартқа қол қойылған күні қолданыста болған сыйақы мөлшерлемелерін, микрокредиттерді беруге және оларға қызмет көрсетуге байланысты тарифтер мен комиссиялардың мөлшерін оларды ұлғайту жағына қарай, сондай-ақ микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіпте өзгертуге;

7.1.2. жасалған Шарт шеңберінде комиссиялар мен өзге де төлемдердің жаңа түрлерін біржақты тәртіпте енгізуге;

7.1.3. МҚҰ-ға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдануға;

7.1.4. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген жағдайда тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға;

7.1.5. Қарыз алушыға қатысты коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезеңінде Қарыз алушының берешегін өндіріп алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

7.1.6. Коллекторлық агенттікте берешек болған кезеңде есептелген сыйақыны төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борышты және сыйақыны уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) есептеуге;

7.1.7. Кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуді жүзеге асыруға.

8-бап. Тараптардың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылығы

8.1. Қарыз алушы микрокредит бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін, Шарт жасау үшін және микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың шынайылығы мен түпнұсқалығы үшін толық жауапты болады.

8.2. Шартқа қоса берілетін микрокредитті өтеу кестесінде белгіленген негізгі борыш және (немесе) микрокредит бойынша сыйақы сомалары бойынша кез келген төлемдерді өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу туындаған жағдайда МҚҰ Қарыз алушыдан Шартта белгіленген тәртіпте және мөлшерде өсімақы төлеуді талап етуге құқылы.

8.3. МҚҰ Қарыз алушыдан Шарт бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын (МҚҰ көрсеткен мерзімде) орындауды және бір мезгілде толық көлемде микрокредиттің қалған өтелмеген сомасын және Шартқа қоса берілген микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес есептелген сыйақыны және төменде аталған шарттардың кез келгенін бұзғаны үшін Шарт бойынша төлеуге жататын басқа да соманы қайтаруды талап етеді, ал Қарыз алушы қайтаруға міндеттенеді:

- 1) Қарыз алушы Шартқа қосып берілетін өтеу кестесін немесе Шарт және оның Үлгі талаптарының міндеттемелерінің кез келгенін күнтізбелік қырық күннен астам бұзғанда;
- 2) мәліметтерді жасырған және/немесе Қарыз алушы микрокредит беруге әсер ететін дұрыс емес ақпарат берген кезде;
- 3) Қарыз алушы МҚҰ өкілі тарапынан Қарыз алушының мақсатты пайдалануына және қаржылық-шаруашылық жағдайына бақылау жасалғанда кедергі келтірсе немесе жалтарса;
- 4) егер Қарыз алушы микрокредитті мақсатсыз пайдалануға жол берсе немесе жол беретін болса;
- 5) Шарт және оның Үлгі талаптары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі жоғалған, жойылған немесе бүлінген жағдайда;
- 6) заң актілерінде, Шартта және оның Үлгі талаптарында көзделген өзге де жағдайларда;

8.4. Осы арқылы МҚҰ Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге құқылы және Қарыз алушы келісімін береді.

8.5. Қарыз алушы берешек сомасын өндіріп алуға байланысты тартқан МҚҰ-ның барлық шығыстарын өтеуге міндеттенеді.

8.6. МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9-бап. Заңды тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан растаулар мен кепілдіктер

9.1. Қарыз алушы растайды, кепілдік береді:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті Шарт бойынша құқықтарға ие болады және міндеттер атқарады, құқықтық қабілетке және іс-әрекеттік қабілетке иелік етеді;
- 2) Қарыз алушының Шартты жасауын және орындауын оны басқару органдары тиісті түрде санкциялады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қарыз алушының құрылтай құжаттарына, сондай-ақ ол бұрын жасаған мәмілелерге қайшы келмейді. Қарыз алушының жарғылық капиталына елеулі (МҚҰ пікірі бойынша) қатысу үлесі бар Қарыз

алушы қатысушыларының құрамы Шарт жасалған күнге өзгертілмейді және әрі қарай МҚҰ-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз өзгертілмейді;

3) Шарт және Шартпен байланысты барлық өзге шарттарды жасау үшін барлық талап етілетін рұқсаттар мен келісімдер алынды;

4) Қарыз алушының құқықтық мәртебесі өзгерген жағдайда Қарыз алушы құқықтық мирасқордың Шарт және онымен байланысты келісімдер бойынша барлық міндеттемелерді қабылдауы үшін барлық іс-қимылдарды қабылдауы тиіс;

5) банкроттық, оңалту, қайта ұйымдастыру, тарату не нәтижесінде Қарыз алушының қызметі тоқтатылуы мүмкін өзге де процестер сатысында және құзыретті мемлекеттік органдарда, оның ішінде соттарда жоқ, көрсетілген процестерді қозғау туралы өтініш (немесе өзге де өтініш нысандары) жоқ;

6) Қарыз алушы бұрын жасаған мәмілелер бойынша, оның ішінде үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің елеулі бұзушылықтары жоқ;

7) жауапкер (ортақ жауапкер) ретінде сот талқылауына тартылмаған;

8) растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қарыз алушы МҚҰ-ны хабардар етпеген салық, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да төлемдер төлеу бойынша берешегі жоқ;

9) Қарыз алушы растайтын құжаттарды ұсына отырып, МҚҰ-ны хабардар етпеген қарыздар, кредиттер, бағалы қағаздар, борыштық міндеттемелер бойынша үшінші тұлғалар алдында міндеттемелері жоқ;

10) оның бизнесіне, қаржылық жағдайына, активтеріне және Шарт бойынша өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін жағдайлар жоқ;

11) Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлғалар Шарт бойынша ұсынған (ұсынатын) қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген және қамтамасыз етудің жоғалуы, зақымдану немесе жойылу қаупі жоқ. Қамтамасыз ету шарттары бойынша Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелері тиісті түрде орындалатын болады;

